

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика  
факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған  
Каримова Бибигуль Жумашовнаның «Ақпараттық кеңістіктегі  
экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары:  
шетелдік тәжірибе және ұлттық үлгі» атты диссертациясына  
С Ы Н – П І К І Р**

Адамның өзін қоршаған табиғатпен, өзі өмір сүріп отырған қоғаммен үндестікте, өзара сабақтастықта іс-әрекет етуі, ғұмыр кешуі аса маңызды ғаламдық мәселеге айналды. Экологиялық мәдениет адамның қоршаған орта жайлы парасатты түсінігін қалыптастырып қана қоймай, оның жетілдіруге әркімнің жауапкершілік жүктейтіндігін көрсетеді. Өскелең ұрпақ санасына экологиялық мәдениетті сіңіруде ақпарат, білім мен тәрбие үлкен маңызға ие. Экологияның өзекті мәселелері қазақ журналистикасында жиі қозғалатын тақырыптардың бірі және біршама зерттеулер жарық көрген. Ақпараттық саясат арқылы экомәдениетті жетілдіру жолдарына талдау жасайтын ғылыми жұмыс жаңашыл, өзекті және диссертацияға тақырып болатындай салмақты деп білемін.

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

**Зерттеу тақырыбы өзектілігі** жаңашылдығы мен бүгінгі күнмен үндестігінен танылады және еліміздің ақпараттық саясатымен тығыз ұштасып жатыр. Бұл ғаламдық мәселе, әсіресе ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар экологиялық мәдениетті қалыптастыруда кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел» идеясы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысып тұр. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың жаңа экологиялық кодексті қабылдап, жаңа стандарттарды қалыптастыруды қадап тұрып айтқан тұжырымдарымен үндестік табады. Яғни, тәуелсіздік пен ұлттық бірегейлік сияқты ғылыми концепциялар шеңберінде атқарылған зерттеу деп бағалауға негіз жоқ емес. Ізденуші Б.Каримованың алған тақырыбын жақсы білетіндігі жұмысынан көрініп тұр, теориялық материалдарды талдауы өз деңгейінде орындалған. Осы бағытта жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, қазіргі журналистиканың табиғатын, шығармашылықты, тақырыптық ізденістерді талдап береді. Отандық және шетелдік медиакеңістіктегі экологиялық мәселелер көрінісін сипаттауда экологиялық мәдениеттің қалыптасу жолдары нақты көрсетеді. Тәуелсіз Қазақстанның экология мен экомәдениет саласындағы еңбегі, өзекті проблемалары жан-жақты сарапталады. Тұрақты даму мақсатында еліміз халыаралық келісімдерге қол қойған және соны басшылыққа алады. Соның қатарында климаттық өзгерістердің салдарымен күресу, шектелген табиғи ресурстарды сақтау және «жасыл» экономикаға ауысу туралы міндеттемелері бар. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «жасыл» экономика аймақтық дамуды, әлеуметтік тұрақтылыққа ықпал етуді, жаңа жұмыс орындары есебінен экономикалық әлеуеттің ұлғаюын реттейді.

«Жасыл» экономикаға көшу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы секілді қауіп-қатерлердің ықтималдығын төмендетеді. Яғни, мәселенің экономикалық, әлеуметтік те мәні зор.

## **2. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.**

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі айқын көрінеді. Адамзаттың табиғатпен қарым-қатынасы ғаламат өзгеріске ұшырауда, адам айтқысыз жылдамдықпен акпарат алу, тарату журналистика тұтастығына да едәуір әсер етті. Зерттеуші осы мәселелерді тереннен қозғайды, таратады, ғылыми байлам, оңтайлы ұсыныс айтады. Біз диссертанттың экологиялық сана, мәдениет, ұлттық бірегейлік пен тұтастық, ондағы табиғатпен үндестікте өмір сүру қағидаттарына, атап айтқанда, әрбір адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өзіндік экологиялық білімі, экологиялық тәрбиесі, экологиялық танымы, автор ұсынған «экологиялық әрекет, экологиялық құндылықты дәріптеу арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілік қасиеттерін орнықтырып, тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру» моделіне толық қосыламын. Осы даралық принципі жинақтаған материалдарды талдаудан туындап отыр.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық нәтижесі ретінде мына жағдайларды атап көрсеткім келеді:

**біріншіден**, тақырып өзекті, бүгінгі еліміз экономикасы, қоғам мен медиа дамуындағы өзекті мәселелерді қозғайды, экология тақырыбындағы журналистік шығармашылықтың табиғатын ашады, қоғамдық маңызына көңіл аударады, экомәдениетке қатысты өз тұжырымдарын береді және ғылыми қорғауға лайық;

**екіншіден**, жұмыстың ғылыми аппараты дұрыс, тараулары мен бөлімдері логикалық түсінікті құрылған, өзара сабақтасып, жетіліп, толықтырып отырады;

**үшіншіден**, ғылыми зерттеу әдістері нақты көрсетіліп тұр, салыстыру, ғылыми талдау, жинақтау, жіліктеу, сипаттау сияқты элементтері қолданылады, әр тараудың тұжырымдарын жасауы орнықты, салыстырмалық кестелер арқылы модульдік баға беру тәсілі соны;

**төртіншіден**, зерттеуші өзінің қорытатын материалдарын жүйелеуде қазақстандық және шетелдік жетекші ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді, баспасөз материалдарына, соның қатарында, жеркілікті БАҚ-тан орынды мысалдар келтіреді, келтірген цитаталары мен дәйектері орынды;

**бесіншіден**, ұлттық ерекшелігіміз ескеріліп, бір тарауда ұлттық таным мәселелерін кеңінен қарастырады, халық шығармашылығын, кешегі тарихымыздың деректері орынды қолданылады және бүгінгі күнмен сабақтастырылады, тұжырымдары мемлекеттік бағдарламалармен үндеседі;

**алтыншыдан,** Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында медиа кеңістігінің дамуына, бұқаралық демократияда қол жеткізген табыстары мен нәтижелері кең тарқатылып талданады, журналист және қоғам арасындағы байланыстардың ерекшелігі тарқатылады, экомәдениетті насихаттаудағы медианың ерекшелігіне ғылыми баға беріледі;

**жетіншіден,** ғылыми жұмыс біртұтас және бірегей еңбек, барлық элементтері тақырыпты ашуға, ғылыми тұжырымдауға бағытталған, авторлық көзқарасы айқын, плагиаттық мүмкін емес.

#### **4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.**

**Ғылыми нәтижелері** жұмыста нақты көрсетілген, тұжырымдарымен толық келісемін: тақырып тұңғыш рет зерттеу нысаны, жеке тренд ретінде қарастырылған; ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениеттің кешенді мәселелері кең қамтылады, саяси-экономикалық сана, экологиялық көзқарас сынды парадигмалар ұсынылған; біршама жаңа ұғымдарға ғылыми сипаттама және анықтама берілген; пәнаралық сипаты байқалады, мысалы, отандық және шетелдік ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәселелерді өзге ғылым салалары аясында да (биология, психология, әлеуметтану, философия т.б.) қарастыра отырып, экологиялық мәдениеттің қалыптасу барысында табиғат пен адамзат арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге (экожүйеге адамның әсері) көңіл бөлінген; журналист мамандар даярлайтын ұлттық білім беру кеңістігінде бар «Экологиялық журналистика» пәнімен қатар «Медиа және ғаламдық экология мәселелері» пәнін енгізуді ұсынады және мақсаттарын таратып айтып берген; экология тақырыбындағы телебағдарламалардың көрілім санына салыстырмалы зерттеулер, интернет порталдардағы жарияланымдар көрсеткішін жасаған; елімізде белең алып отырған кез-келген экологиялық мәселе ғаламдық экологиямен тығыз астасып жатқандықтан, Қазақстан мен шетелдік (экологиялық ұйымдар мен экология мәселелер) тәжірбиелердің арасында ортақ түйісетін тұстарын (бірлесіп өткізілген конференциялар, ұйымдар, мәселен, «Жасыл көпір» халықаралық бағдарламасы, «Ақылды қала» жобасы, шетелдік әрбір елдегі (Ресей, Германия, АҚШ т.б.) экологиялық шаралар, кезекті жұмыс реті, ғаламшардың экологиялық мәселелеріне арналған заманауи фильмдер қатары т.б.) атап өтудің маңыздылығын ғылыми айналымға енгізген. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарындағы даму үрдістеріне шолу жасалып, экологиялық мәдениет қалыптастырудағы ізденістерді талдау арқылы ғылыми тұжырым жасау, жаңа элементтерді аңғару, алған нәтижелерді жинақтау, сараптау бағытында ізденіс танытады. Сондықтан да алынған нәтижелер негізделген деп тұжырымдауға болады.

**Ізденушінің тұжырымдары тиянақты негізделген және шынайылық принципі** жоғары деп бағалаймын. Экологиялық түйткілді мәселелер қатары күннен-күнге ушыға түсіп, жаһандық қауіп-қатер деңгейіне дейін жетіп отыр. Табиғи капиталдың жұтандалуы, ауаның, ауыз судың ластануы, азық-түліктің құнарсызданып сапасыздануы күн тәртібіне шығып отыр. Экологиялық мәдениет ауқымды ұғым болғанымен, экологиялық білім

беру мен экологиялық тәрбиеге негізделген. Ізденуші осы ұғымдардың аражігін ажыратып, үйлесімділігін табудың жолдарын қарастырады, нақты журналистік мысалдармен ой қорытады. Қазіргі журналистік шығармашылық көп өзгеріске ұшырауда, сол өзгермелі табиғатын сөзбен сипаттау аса қиын. Сондықтан оның бүгінгі тенденциялары мен заңдылықтарын, символдардың мағыналық эволюциясын дер кезінде, уақтылы ұға білу, даму барысын сол сәтте көрсете білу – күрделі де өзекті проблема. Докторанттың бүгінгі күннің аса өзекті адам және қоғам проблемасы экология төңірегінде ой қозғап, оны жетілдіруде экологиялық мәдениет қалыптастырудың маңызын ашуының орны бөлек. Бұл халықаралық деңгейдегі тұрақты даму талаптарынан туындайды. Ал, ғылыми жаңалық пен практикалық қажеттілік осы прагматикалық мақсаттардан туындап тұр.

#### **5. Академиялық адалдық принципі.**

Диссертациялық жұмыста ғылыми этика сақталған, ізденуші алдымен «бұл тақырып осыған дейін қалай зерттелген, бұл бағыт бойынша кімдер ғылыми зерттеулер жүргізген» деген сұраққа жауап беріп өтеді, біршама авторларға сілтеме жасайды. Өзге біреулердің тұжырымдарын, ғылыми нәтижелерін пайдалануы мүмкін емес, плагиатқа жатпайды деген пікірдемін.

#### **6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.**

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығын аңғаруға болады. «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел» идеясы, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламалары мен ақпараттық саясатының тұжырымдарын жетілдіруде бұл нәтижелерді кеңінен қолдануға болады. ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар экологиялық мәдениетті қалыптастыруда белгілеген кешенді шаралар үдесінде жазылған. Диссертацияда бай материал жиналған, факті, дерек мейлінше екшелген, сұрыпталған, көрнекіленген. Жекелеген тұжырымдары қазіргі журналистикатанудағы, қоғамтанудағы елең еткізер сонылығымен құнды. Ұлттық журналистика құндылықтары жүйесіндегі экологиялық мәдениеттің орны мен рөлі тиісінше анықталған. Бұқаралық ақпарат құралдарының тәжірибесін талдай отырып, экомәдениетті қалыптастырудағы рөлі мен маңызына ғылыми баға береді. Халық шығармашылығының, тәрбиенің орны сараланады. Жоғары білім беруде «Медиа және ғаламдық экология мәселелері» пәні арқылы оқытуды жетілдірудің концепциясы ұсынылады. Ғылыми нәтижелерді басқа да ғылыми зерттеулерде, жоғары оқу орындарында маман даярлауда қолдануға болады.

#### **7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.**

Маңызды мәдени фактор ретінде қарастырылып, экологиялық мәдениетке жан-жақты ғылыми сараптама жасалған, осы тақырыпта авторлардың шығармашылық ерекшелігін тап басқан, жете талдаған, сапалы журналистиканың белгілерін көрсеткен, соны мәдени кеңістік қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін танытқан, теориялық жағынан дер кезінде тұжырымдаған байыпты да байсалды, салмақты еңбек деп тұжырымдауға болады. Диссертациядағы басылымдар Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай. Диссертация апробациядан өткен, тұжырымдары 11 ғылыми мақалада жарық көрген, ғылыми баяндамаларда көпшілік талқысына ұсынылған:

**Scopus мәліметтер базасында:**

1. Ecological development through mass media // MII-MII(-SP) - Man In India (ISSN00251569-India-Scopus), 2017, 97(6): 135-150.

2. Ecological Problems in Mass Media in Kazakhstan//JPSR-PP - Journal of Pharmaceutical Sciences and Research (ISSN09751459-India-Scopus) 10(6), 2018.

**Халықаралық конференцияларда:**

1. Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы психологиялық байланыстың мүмкіндіктері // «Тұрақты даму мақсатында (ТМД) Халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы, 8 сәуір, 2016. – Б. 119-121.

2. Mass Media about the consequences of a nuclear explosion in Semey // «Қолданбалы психология: ықпалдастыру және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Өскемен, 4 желтоқсан, 2016. – Б. 61-66.

3. Ecological problems in Mass Media and Human Psychology // «QAZAQSTAN» Еліміздің телеэпопеясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 15-16 ақпан, 2018. – Б. 161-168.

4. Формирование экологической культуры студентов // «Инновации в современном образовании: украинский и мировой контекст». III Международной научно-практической конференция. – Умань, 28 сентябрь, 2018. – С. 268-274.

**Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енетін басылымдарда:**

1. Экологиялық мәдениет қалыптастыру – ұлттық тәрбиемен сабақтас // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы, Журналистика сериясы. – Алматы, 2016. – № 2(40). – Б. 196-199.

2. Америка және Қазақстандық басылымдардағы экология мәселесінің көтерілуі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 1(47). – Б. 105-111.

3. Экологиялық проблемаларды жазудағы кемшіліктер // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 1(47). – Б. 151-159.

4. What is fake news? And how do we teach students about it? // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы. Журналистика сериясы. – Алматы, 2018. – № 4(50). – Б. 4-8.

**8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.**

**Жұмыс мазмұны мен рәсімделуіндегі ескеретін жағдайлар:**

- зерттеу салааралық сипатта болғанымен, ақпараттық қыры басымырақ болғаны жөн. Мәдениеттану, этика, педагогика, экология

категорияларымен ұштасатын жерлерінде бүгінгі журналистиканың өзекті мәселелері, практикасы тұрғысынан талданғаны маңызды;

- күн тәртібінде тұрған өзекті, Президент бақылауындағы жаңа экологиялық кодексті қабылдау жайына бір ғана мысал келтіріледі. Сонда БАҚ оған мән бермей келеді ме, әлде кәсіби біліктілігі төмен бе? Деректерді жинақтап, ғылыми көзқарас білдіргенде ізденуші ұтар еді;

- үлкен қоғамдық резонансқа ие болған «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің экономендіетке қатысы, БАҚ-та насихатталуы туралы зерттеуші пікірін көре алмадым. «Болашақтың энергиясы», «жасыл экономика» ұранымен өткен көрменің тақырыпқа тікелей қатысы бар, соны жинақтап баға бергенде, сауалнама жүргізгенде жұмыстың ғылыми құндылығы арттар еді;

- «Журналистика» шифры бойынша қорғалып отырғандықтан, кейбір БАҚ материалдарына сындарлы баға беру сұранып тұр. Мысалы, мемлекеттік телеарналардың бірінен мағыналық қайшылыққа жол берілді: экологиялық қауіп туралы сюжеттен соң іле-шала «көмір өндіру артты» деп, шахтерлерді мадақтаған хабар тарады. Болмаса тағы бірде «Рудный «ақылды қала» қатарына қосылды» деген сюжет эфирге шықты. Сондағы айтары, көшеге 4 бейнекамера орнатылған көрінеді. Осындай, журналист кәсібіндегі кейбір олқылықтар, экономендіетті насихаттаудағы шығармашылық кемшіліктер сыналып кеткені ләзім;

- өзге авторлардың цитаталары толық аударылып, жұмыста орын алған кейбір орфографиялық және стильдік олқылықтарды түзетіп, ғылыми стильде редакциялап шыққан жөн.

Алайда, жоғарыда аталған ескертулер жұмыстың мазмұнына еш нұқсан келтірмейді және ғылыми құндылығын төмендетпейді.

#### **9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.**

Жоғарыда айтылған пікірлерімді қорыта келе, кейбір ескертпелермен Каримова Бибигуль Жумашовнаның «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: шетелдік тәжірибе және ұлттық үлгі» атты диссертациясы аяқталған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған зерттеу деп санаймын. Докторант Бибигуль Каримова «6D050400 – Журналистика» шифрі бойынша философия докторы (PhD) атағын қорғауға лайық және ресми қорғауға ұсынуға болады деп білемін.

**Ресми рецензент:**

**филология ғылымдарының кандидаты,  
«Халықаралық ақпараттық технологиялар  
университеті» АҚ  
ассистент-профессоры**

Подпись указанного лица удостоверяю

Бейсенқұлов А.А.

А.А. Бейсенқұлов